

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 8 сәуірдегі N 87 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 сәуірде N 13-4-98 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 тамыздағы № 208 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 26.08.2016 № 208 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 2-тармағына, "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі 2247 Заңы 20-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай азаматтардың келесі санаттарына біржолғы материалдық көмек (бұдан әрі – біржолғы материалдық көмек) көрсетілсін:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне – 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға (жауынгер-интернационалистер мен техногендік сипаттағы апартардың зардалтарын жоюға қатысқандарды қоспағанда) – 5 000 теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) адамдарға- 2 000 теңге мөлшерінде.

2. Біржолғы материалдық көмекті төлеу 451-020-015 "Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілгендерге, оның ішінде майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 3 қыркүйегі аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оку

орындарында әскери қызметтен босатылған, запасқа (отставка) шыққан, "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу" бюджеттік бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. "Ақжар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі біржолғы материалдық көмек төлеуді қамтамасыз етсін.

4. "Ақжар ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудан бюджетімен бескітілген қаражаттандыру шегінде біржолғы материалдық көмекті қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасарына F.K. Айтмухаметовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A. Тастеміров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК